

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 141-143.

**ӘОЖ 81-11(045)**

## **МАҚАЛ –МӘТЕЛДІҢ ҚАЗАҚ ӨМІРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ**

*Еркенова Н.М., 1 курс студенті  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана қ.*

Қазақ мақал-мәтелдерінен жүйелі ойға құрылған шешендік сөзді ғана емес, одан халықтың тұтас өмірін көруге болады [1].

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің көне де ең мол түрі. Қазақ халқы терең ойды аядай қалыпқа сыйғызып, *«тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін»* мақал-мәтелдер арқылы жинақтап берген.

Ғасырлар бойы ұрпаққа ауыздан-ауызға тарап, мәнін жоймай сақталған мақал-мәтелдерден қазақ халқының тұмыс-тіршілігінде, дүниеге деген көзқарасын, арман мүддесіне дейін байқауға болады. Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, халық өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда орнымен қолданудың маңызы зор болған. Ал ондай кезде *"Аталы сөзге арсыз жауап береді"* деп, қандай жағдайда да болмасын орнымен айтылған жүйелі сөзге тоқтаған. *Ырымның жаманы болмайды. Ырымға неге сенеді?* деген екен [2].

Қағаз бетіне ХІХ ғасырда ғана түскен десек те, қазақ халқының өмірінде маңызды рөл атқарған ауыз әдебиетінің бұл жанры қағаз бетіне ХІХ ғасырдың екінші жартысында ғана түскен. Филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақ *"мақал әр кезеңнің оқиғасынан сыр шертеді"* дейді.

Мақал – үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы. Оны адам өміріне, тұрмыс–тіршілігіне, қоғамдық жағдайларда кездесетін әр түрлі құбылыстарға, тарихи оқиғаларға берілген даналық баға, тұжырымды түйін есебінде қолданады. Мақал-мәтел ғылымын зерттейтін паремиология ғылымы осындай тұжырым жасайды, – дейді ол. Мақал – мәтелдер қай тақырыпқа көп арналған? Өмір, тұрмыс – тіршілік, қоғамдық құбылыстар;

Төрт түлік мал туралы; Адалдық, адамгершілік, ізгілік, достық туралы; Еңбек, байлық, кәсіп пен нәсіп туралы; Сақтық, қырағылық туралы көп айтылған.

Мақал адам өмірінің барлық саласын қамтыған. Алайда заман талабына сай өзгеріске ұшырап отырған. Мысалы, *еңбек туралы айтылған мақалдардан халықтың оған деген көзқарасын білуге болады. "Еңбегі бардың – өнбегі бар", "Еңбек түбі – мереке", "Бейнет түбі – зейнет", "Бейнетсіз рахат жоқ", "Еріншекке ошақтың екі бұты айшылық жер"*. Сонымен қатар мал сырын жақсы білетін қазақ төрт түліктің өзіне тән қасиетін де атап өткен.

*"Мал бақсаң қойдан бақ, май кетпейді шараңнан", "Ат шаппайды, бап шабады". "Жатқанға жан жуымас, Жалқауға жан жуымас", "Ұрыға мал құтаймас", "Жортуылышының басы жолда қалады". "Жылқы – малдың патшасы" деп ойын анық аңғартып отырған. Бір айта кетерлігі, қазақ мақал-мәтелдерінің басты ерекшелігі қанша уақыт өтсе де мәнін жоймаған, ескірмеген, – дейді филолог. Егіншілік пен ұйымшылдыққа шақырған [3, 14].*

XIX ғасырда туындаған мақал-мәтелдердің негізгі тақырыбы – егіншілік, адал еңбек, бірлік, ынтымақ туралы болып келеді. *"Жер-ырыстың кіндігі", "Егін екеннің есесі көп", "Астығы бар аш болмайды", "Бірлік болмай, тірлік болмас", "Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ", "Ырыс алды – ынтымақ", "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді", "Бірлігі жоқтың тірлігі жоқ" деген мақалдар осының дәлелі.*

Сонымен қатар ел мен жерді қорғау, ерлік тақырыбындағы мақалдардан халықтың ой-тілегін, арман-мүддесін патриоттық сезімін аңғаруға болады. Мысалы, *"Ел іші – алтын бесік", "Туған жердің тауы ыстық", "Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол".*

Халық – қоғамдағы барлық материалдық, рухани байлықтарды жасаушы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұрмысты қалыптастырушы, алға қарай дамытушы негізгі күш иесі болғандықтан, *"Көпке топырақ шашпа", "Көп қорқытады, терең батырады" деген мақалдарымен көппен санасу керектігін аңғартады.*

Қазақ малдың сырын жақсы білген Би-шешендер мақал-мәтелді ұтымды қолданған Қазақтың би-шешендері даулы істе тапқырлығымен қатар шешендік танытқан. Барша жұртты аузына қаратып сөйлей білмеген шешеннің беделі болмаған. Өйткені кез келген даулы істе жүйелі сөйлеп, тапқырлық танытпаса, оны тыңдайтын құлақ болмаған. Ал мақал-мәтел – сөздің тұздығы.

Хан-төрелердің әділетсіздігіне тап болып, жауыздық іс-әрекетіне куә болған халық *"Биің қылаң болса, жұртың ылаң болар", "Қансоқта жеп ит семіреді", "Төреге ерген ер тоқымын арқалар", "Қойды құртаң бүлдіреді, елді сұлтан бүлдіреді", "Теңгелі жерде теңдік жоқ" деп әшкере қылған.*

*Мақал – насихат құралы*

Қазақ мақал-мәтелдерінің кеңінен тарауына би-шешендер маңызды рөл атқарған. Олардың айтқан сөздерін бір-біріне үлгі етіп, өсиет ретінде таратқан. Ағайын арасындағы татулық, өнеге туралы ойларын алға тартып, тәрбие құралының бірі ретінде пайдаланған. *"Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін". "Абысын тату болса, ас көп", "Ағайынның азары болса да, безері болмайды" деп бірлік, ынтымаққа шақырған.*

*"Өткен іске өкінбе", "Ойнап сөйлесеңде, ойлап сөйле", "Сыртынан көріп, ішінен түңілме, қарасын көріп, күшінен түңілме", "Ауру астан", "Көзің ауырса, қолыңды тый, ішің ауырса, тамағыңды тый", "Жасыңда салақ болсаң, бара-бара былық боларсың", "Өнерлінің өрісі ұзақ" деп өсиет қалдырған [4].*

Сонымен қатар кейбір орыс тілінен ұтымды аударылған мақалдар өзіндік орнын тапқан. Мысалы, "Дружно, но не грузно" деген орыс мақалын "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" деп аударып, қолданып жүр.

Мақал-мәтелді ата-ана балаға өсиет етіп қалдырған Мақалдың ерекшелігі

Мақалдың басты ерекшелігі бірінде ойын ашық айтса, енді бірінде ойды астарласа да, анық қылып жеткізген. Мысалы, "Құласаң нардан құла", "Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме", "Аузы күйген үріп ішер" дегендерден нені меңзегенін бірден түсінесің. Тағы басты ерекшелігі жай сөйлеммен терең мағынаны бере білген [5].

Кейбір мақалдар өлеңнің жеті-сегіз буынды жыр түрінен жасалып, бір шумақтан тұратын өлең секілді. Мысалы, "Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен күн кешер", "Арық деген жамантай, жазға шығып ат болар, жамандығың сезілсе, жақын кісі жат болар".

Сырымның тапқырлығы Мөңке бидің үйіне арық құнанына мініп, Сырым бала келеді. Баланы көзге ілмеген би бәйбішесіне "'Балаға айран бер" дейді. Таңертең семіз қызыл тұсақтың үйелеп өліп қалғанын көріп, налыған Мөңке би:

– "Құтты қонақ келсе, қойы егіз табады, құтсыз қонақ келсе, малын қырсық шалады" деген, қызыл тұсақ үйелеп өліп қалыпты. Құтсыз қонақ болдың. Үйімнен кет, бала, – дейді [6].

– Олай болмас, биеке, – депті Сырым. – "Құтты қонақ келсе, малы өліп, өзі аман қалады. Құтсыз қонақ қонса, өзі өліп, малы иесіз қалады". Менің қандай қонақ екенімді қайдан білесің? Мүмкін құтты қонақ шығармын, – деп жауап берген екен. Мөңке би баланың бұл сөзіне аң-таң болыпты да:

– Рас айтасың, балам, сен шынында құтты қонақ екенсің, – деп, сый-құрмет көрсетіпті.

Мақал мен мәтелдің айырмашылығы мазмұнында. *Мақал* – өмірде болған елеулі оқиғаға берілген даналық қорытынды. Ал *мәтелде* сөз айшықты, көркем теңеу қолданылады. "*Көппен көрген ұлы той*", "*Қызым саған айтам, келінім сен тыңда*" деген мәтелдерден аңғаруға болады, яғни, мақалдағыдай дәлелдеу, қорытынды пікір болмайды. Тек ойды жанамалап жеткізеді. Қалай дегенмен, "мақал да, мәтел де – халықтың қазынасы, тіл майданындағы басты қаруы" дейді Дандай Ысқақ [1].

*Ғылыми жетекшісі Шукуманова Б.С.  
педагогика ғылымдарының магистрі*

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Байтұрсынов, А. (1989). *Шығармалар жинағы*. Алматы.
- 2 Ғабдуллин, М. (1958). *Қазақ халқының ауыз әдебиеті*. Алматы.
- 3 Әуезов, М. (1960). *Қазақ әдебиетінің тарихы*. 1, 1. Алматы.
- 4 Өтебай Тұрманжанов (1997). *Қазақ мақал –мәтелдері*. Алматы.

5 Нұрышев, С.Н. (1959). *Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан*. Алматы.

6 Адамбаев, Б. (1996). *Қазақ халық әдебиеті: мақал – мәтелдер*. Алматы, «ҒЫЛЫМ».

7 Әлімбаев (1967). *Өрнекті сөз - ортақ қазына*. Алматы, «Қазақстан».